

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. Б.110-112

## ХАЛЫҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ ТҮСТЕРДІҢ МӘНІ

*Жетписбаев Н., 1 курс студенті*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Кез келген халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Қазақ халқының мәдениетін, тарихын, дәстүрін түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Мысалы, тарихтан белгілі Көк түрік, Ақ Орда, Көк Орда, мәдениетімізбен байланысты кісі өлсе, үй сыртынан ту тігу, бала алғаш жүргенде аяғына ала жіп байлау — бәрі-бәрі түр-түспен байланысты болып келеді. Тіпті, тұрмысқа жаңа шыққан қыз баланың ата-анасына орамал тігіп, өз мұңын, жағдайын, қуанышын жіптің түр-түсімен жеткізіп отырған. «Егер орамал қызыл жіппен кестеленсе, оның әке-шешесі бұл хабарға өте қатты қуанып, барған жеріне риза болған. Өйткені қызыл жіп қуанышты, шат көңілді, бейбіт өмірді білдіреді де, ал сары жіп — керісінше, уайым-қайғының белгісі болғандықтан, қыздың әке-шешесін сағынып жүргендігін білдірген» [1]. Бұның барлығы айналып келгенде қазақ халқының түр-түстанудағы болмысын танытады.

Түр-түстердің шығу тарихы жайлы мәселеге байланысты ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарастар айтылып, түрлі болжамдар жасалған еді. Ғалымдардың кейбіреуі түр - түстерді қытай сөзінен алынған десе, кейбіреуі монғолдан кірген кірме сөз, кейбіреуі өзіміздің түркінің төл сөзі деген пікірді білдірген еді. Барлық ғалымдар талдауды ақ сөзінің шығу этимологиясынан бастаса, біз түркі танымындағы дүниенің бастауы саналатын түс — көк сөзінен бастаймыз

Академик Ә.Қайдар: «Алғашқы адамдар көк күмбезін оның түсіне қарап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты заңды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін ғой,» [2; 39] — деп, көк сөзіне қатысты пікірін жазған. Шынымен де, бұның құбылыс ретіндегі мағынасы бірінші пайда болды ма, әлде сындық (түстік) мағынасы бірінші пайда болды ма деген сұрақ әлі күнге шейін өз шешімін таппай келеді. Зерттеуші Н.Аитова бұл сөзге қатысты ойын былай дейді: «Түркі тектес халықтардың ішінде қазақта көк күшейту мәнінде «көкпенбек» болып қолданылады. Бұл «көк пен көк», яғни көкпен бірдей деген ұғымға келеді. Әр сөздің екі рет қайталануы оның реңдік мәнін

әсірелеп, үдетіп жіберген» [3,51].

Ш.Уәлиханов «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында: «Аспан бұл шамандықта ең жоғарғы құдірет. Көк тәңірі — көк аспан. Қырғыздарда бірінші сын есім көк сөзі көрінетін заттық нәрсені білдіреді, ал тәңірі зат есімі Алла және Құдай сөздерінің синониміне айналған», — дейді [4,70].

Сонымен қатар көк сөзімен байланысты шыққан қазақта көптеген сөздер бар. Мысалы, көк шықты дегендегі көк заттың түсін емес, жаңа шыққандығын білдіреді. Тәңірідегі көк дүниенің бастауы деп түсінсек, шөп сөзімен тіркескен көктің мағынасын біз көктем мезгілінің келгендігі, жаңа тірліктің басы деп ұғамыз.

Қазақ халқының түсінігінде көк – бірліктің, берекенің, белгісі. Ол аспан түсімен түстес. Сондықтан ол қуаттылықты, рухтың биіктігін, үстемдікті, паңдықты білдіреді. Соған сай көк түрік, көк ту, көк бөрі, көк суыт, көк найза, көк сүңгі, көк болат, көк мылтық сияқты тіркестер бар. Көктің келесі бір білдіретін мағынасы – романтика, сезім, нәзік үміт, махаббат, жақсылық, жылылық, жан жақындығы, тілек бірлігі: көгілдір сезім, көгілдір теңіз, көгілдір көл, көк көгершін, көк сағым[5,23]. Сондай-ақ көк түс әр түрлі тұрақты тіркестер құрамында басқа да көптеген мағыналарды білдіреді: жасыл – көк шөп; ауқатты, бай – көк етікті; арық – көк ет; ақылсыз, топас – көк ми; ұрысқақ, ашушаң – көк долы; мылжың – көк езу, көк мылжың; қайсар, өжет – көк бөрі; кездейсоқ – көлденең көк атты; еріншек – көк жалқау; ауру – көк жөтел, піспеген – көк алма, көк етікті кезде-спей, көң етікті менсінбеді – тұрмысы жақсы адам кездеспеді.

Ақ сөзі бір-біріне жақын үш топ мағынаны аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түстік мағына («белый»); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, т.б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, кінәсіз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып.

Ақ түс - қасиетті түс болып саналады, бар игілікті, жақсылықты, қуанышты, тазалықты, пәктікті, әділетті білдіреді. Сол себепті ақ түс тазалық, әдептілік, адамгершілік ұғымдарымен астасып жатады. Мұны тіліміздегі ақжарқын, ақпейіл, ақ тілек, ақкөңіл, ақжүрек деген сөз орамдары дәлелдейді.

Жасы үлкен қарт кісілерді «ақ сақалды ата», әйел адамдарды «ақ сүтін берген, ақ жаулықты ана» деп сыйлаған халқымыз «батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деп үлкендердің «ақ алғысына» бөленуді, «ақ батасын», «ақ тілегін» алуды жөн санаған. Барша мұсылман қауымының мерекесі саналатын Ұлыстың Ұлы күні Наурызда

«Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, төрт түлік ақты болсын» деп тілек айтқан.

Қазақ үшін баладан артық байлық та, бақыт та жоқ. Баласы ер жеткен соң ата-бабамыз оны ақ боз атқа мінгізіп үйлендіріп, ақ некесін қиып, өз

алдына үй қылып, еншісін беріп, ақ отауын құрып берген. Келініне «киелі ақ босағаны аттатып», «ақ шымылдық құруы», «басына ақ шәлі (желек) жабуы» зор қуанышқа саналған. Одан кейін де өмірге келген жас нәрестені «ақ бесікке бөлеп», оларға ботадай сүйкімді болсын деп «Ақбота», еркелеп өссін деп «Ақпатша», тотыдай таранып жүрсін деп «Ақтоты», Шолпан жұлдызындай жарқырап жүрсін деп «Ақшолпан», ақылына көркі, сымбатына заты сай болсын деп «Ақсымбат», күн нұрындай болсын деп «Ақнұр», гүл секілді нәзік те тартымды, әдемі болсын деп «Ақгүл», алдынан ақ та даңғыл жол ашылсын деп «Ақжол» деп ат қойған. Кейін нәрестесінің келешегінен зор үміт күтетін ата-анасы он-он екі айдан кейін сәбиі тәй-тәй басып жүре бастаған кезеңде, ауылдағы сыйлы кісілердің бірін шақырып, баланың жолына ақ матасын төсеп, «тұсау кесер» ырымын жасаған. Осындай қызық-қуаныштарға, шаттыққа толы қатты қуанған думанды да мерекелі күнді «ақ түйенің қарны жарылған күн» деп ерекше есте сақтаған.

Халқымызда ақ қасиетті түс болып, бар игілікті, жақсылықты, қуанышты, тазалықты, пәктікті, әділетті білдірсе, қара керісінше, жамандықты, қайғы-қасіретті, қарапайымдылықты, ниеті бұзықты, қатыгездікті, көңілсіздікті білдіретін түс.

Қылмыс жасап, біреуге жамандық ойлаған жексұрынды, жек көрген адамын «қарабет», «жүзіқара», «қараниетті пәле» деп айыптап немесе «қара жерге кіргір», «қара басқыр» деп қарғап сілейді. Сауаты жоқ, хат танымайтын оқымаған адамды «қара танымайды», «қараңғы» дейді. Кедей-кепшіктің күнделікті тұрмысында пайдаланатын майсыз, дәмсіз тағамын «қара көже», «қарасорпа», қатықсыз құйылған шайын «қара шай» десе, олардың кішкене, көзге қораш, шағын үйін «қараша үй» деп атайды. Ауыл шетіне келген ауру, індеттерді «қараөкпе», «қараталақ», «қарасан», «қарақотыр» атайды. Қайғылы жағдайға кезігіп, қан жылап отырған үйді «қара жамылып отыр», «қара тұтып отыр» деп бейнелейді. Елдің дегбірін, мазасын алған жағдай «қара аспанды жаудырды» делінеді. Өзінің ғана жеке басының қамын ойлайтын, дүние-мүліктің соңына түскен адамды «қарақан басының ғана қамынан артылмайды» деп сынай әңгіме қылады.

Қазақ дүниетанымында қара шаңырақ, қара халық, қара орман, қара көз тіркестері атамекен, күшті, ірі, әдемі сияқты мәндерде де жұмсалады. Сондай-ақ баласын «көзімнің қарашығы», «қарашығым», «қара домалағым» деп жақсы көреді. Келген мейманына қара қазанға ет асып, адал асын ұсынады.

Халқымызда қызыл түс әдемілік, сұлулық, жастық, қуанышты білдіреді. Әдемі қызды «қызыл шырайлы»; ерні «қызыл шиедей», «қырдың қызыл қызғалдағындай» дейді. Жағымсыз «Қызыл кеңірдек болу», «қызыл өңеш болу»- дауласу, жанжалдасу, ұрысу; «қызғаныштың қызыл түлкісі» - көре алмау деген мағынада да қолданылады. «Қызыл найза», «қызыл қан»,

«қызыл көз», «қызыл бас» деп қатігездікті білдірсе, «қызыл тіл», «қызыл сөз», «қызыл ер» тіркестері адам бойындағы өткірлікті білдіреді, «қызыл шақа», «қызыл қарын», «қызыл сирақ» сөз тіркестері адамның жастық белгісін білдіреді. Қоңыр түс – халқымыздың дүниетанымында жанға жақын түстердің бірі. Қоңыр аю, қоңыр қаз, қоңыр жер деген тіркестерде қоңыр ең әуелі түсті білдіреді. «Қоңыр қозым

» дегенде қоңыр сөзі еркелету мәнінде жұмсалады. «Қоңырым», «қоңыр қозым» деп еркелету мәніндегі сөздер ерекше, ыстық ықыласты, жылылықты білдіреді. «Қоңыр күй», «қоңыр тіршілік», «қоңыр үй» «қоңыр шаруа» деген тіркестерде тұрмыс-тіршіліктің қарапайымдылығын, орташалығын білдіреді. Қоңыр сөзі саз әлеміне қатысты сөздермен жиі тіркеседі. Мысалы, қоңыр үн, қоңыр саз, қоңыр әуен, қоңыр дауыс. Бұл тіркестер құлаққа жағымды, көңілге жайлы, адамның ішкі жан әлеміне ерекше әсер ететін деген мағынаны білдіреді. Қоңыр – табиғат құбылыстарының кейбір қалпын білдіреді: қоңыр салқын, қоңыр жел. Қазақтың қоңырым, қоңыр қозым деп еркелетуі, қарапайым тірліктің қоңыр аталуы, қоңыр үннің құлаққа жағымдылығы, қоңыр желдің саялылығы — бәрі де қоңырға деген қазақтың ерекше ықыласын білдіреді.

Қазақ дүниетанымында сары түс – даналық пен ақылдылықты, еркіндікті, байлықты, молшылықты білдіреді. Сондай-ақ сары түсінің семантикалық өрісі, қозғалысты, сағынышты, аурумен байланысты көңілсіздік пен қайғыны, тоқтаусыз өмір мағыналарын да бедерлейді. Мұның негізінде «сары уайым», «сары төсек болу», «сары майдай сақтау»,

«сары жамбас болу», «сары алтындай сарғайып күту» сияқты тіркестер өмірге келген.

Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілдегі символ сөздерде жасырынған. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір түр-түстік символдар халықтың рухани-материалдық мәдениетінен де, салтынын да орын алады. Бұл әр халықтың түр-түс табиғатын өзінше танып, өз тілінде ат қойып, күнделікті қолданысына енгізуіне байланысты болса керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Құмарова Б. Көне өнерді жанғыртайық // vkoe.m.kz
- 2 Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. — Ал-маты: Ана тілі, 1992. — 160 б.
- 3 Аитова Н. Қазақ тіліндегі «қара» және «көк» түске байланысты семантикалық сипа-ты. Тіл тарихы және сөз табиғаты. — Алматы: Ғылым, 1997. — 48-б.

4 Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — Т. 4. — 2-бас. — Алматы: Толағай групп, 2010. — 62-б.

5 Formation of the language identity of a blogger S.V. OlenovThe Department of Stylisticsand Rhetorics, Kildibekova, Z.K. Kurmanova, T.M. Kravtsova, Maracaías-Venezuela Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 904-921ISSN1012-1587/ISSNe:2477-9385https: // produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30090

Ғылыми жетекшісі : Төлеужанова Ж.М.